

Ақжар аудандық мәслихатының "2025-2027 жылдарға арналған Ақжар ауданы Май ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2025 жылғы 12 мамырдағы № 29-11 шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 26 тамыздағы № 31-14 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақжар аудандық мәслихатының "2025-2027 жылдарға арналған Ақжар ауданы Май ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2025 жылғы 12 мамырдағы № 29-11 шешіміне мынадай өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2025-2027 жылдарға арналған Ақжар ауданы Май ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 59 584 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1 809,9 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 1 051,5 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 415 мың теңге;

трансферттер түсімі – 56 307,6 мың теңге;

2) шығындар – 60 922,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 338,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 338,9 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 338,9 мың теңге.";

мынадай мазмұндағы 6-1 тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Ауылдық округ бюджетінің шығыстары осы шешімнің 4 қосымшасына сәйкес қаржы жылының басында жинақталған, 2024 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен қамтамасыз етілсін.

2024 жылы қаржы жылының басында болған, пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражатының бос қалдықтарының сомаларын бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Май ауылдық округі әкімінің "2025-2027 жылдарға арналған Ақжар ауданы Май ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Ақжар аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы шешімімен айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешім осы шешімге 2 қосымшаға сәйкес 4 қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа еңгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық
мәслихат төрағасы

М. Жүсіпбеков

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 26 тамыздағы
№ 31-14 шешіміне 1 қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 12 мамырдағы
№ 29-11 шешіміне 1 қосымша

Ақжар ауданы Май ауылдық округінің 2025 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			I. Кірістер	59584
1			Салықтық түсімдер	1809,9
	01		Табыс салығы	82
		2	Жеке табыс салығы	82
	04		Меншікке салынатын салықтар	1727,9
		1	Мүлікке салынатын салықтар	53
		2	Жер салығы	62
		3	Көлік құралдарына салынатын салық	832,9
		4	Біріңғай жер салығы	780
2			Салықтық емес түсімдер	1051,5

	01		Мемлекеттік меншілтен түсетін кірістер	207
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	207
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	844,5
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	844,5
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	415

	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	415
		1	Жерді сату	415
4			Трансферттердің түсімдері	56307,6
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	56307,6
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	56307,6
Атауы				Сомасы, мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			II. Шығыстар	60922,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	27842
	124		Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	27842
		001	Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	27212
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	630
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	13275
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	13718
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	756

		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	919
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	200
		011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	11400
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	19305,9
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	19305,9
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	19305,9
12			Көлік және коммуникация	500
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	500
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	500
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-1338,9

			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1338,9
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1338,9
	01		Бюджет қаражаның қалдықтары	1338,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1338,9

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 26 тамыздағы
№ 31-14 шешіміне 2 қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 12 мамырдағы
№ 29-11 шешіміне 4 қосымша

2024 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған), қаржы жылының басында қалыптасқан, бюджет қаражатының бос қалдықтарының сомаларын 2025 жылы бөлу.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
8			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1338,9
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1338,9
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	1338,9
Атауы				Сомасы, мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттікбағдарламалардыңәкімшісі			
		Бағдарлама		
			II. Шығыстар	1338,9
08			Мәдениет, спорт, т у р и з м жәнеақпараттықкеңі стік	1338,9
			Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент	

	124		, ауылдық округ әкімінің аппараты	1338,9
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	1338,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК